

## Маңғыстау облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 338 қаулысы.  
Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 3515 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 8 бабы 1 тармағы 20-5) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2018-2019 жылдарға арналған Маңғыстау облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б.Қ. Байжанов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Сқақовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Е. Тоғжанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі

\_\_\_\_\_ А. Мұхамедиұлы

"29" желтоқсан 2017 жыл

"Маңғыстау облысының дене  
шынықтыру және спорт басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Б.Қ. Байжанов

"29" желтоқсан 2017 жыл

"Маңғыстау облысының  
қаржы басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

## 2018-2019 жылдарға арналған Маңғыстау облысының спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Спорт түрлерінің атауы						
Топтар атауы	№	Олимпиадалық емес спорт түрлері	Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлері	Қ ы с қ ы олимпиадалық спорт түрлері	Паралимпиадалық спорт түрлері	Ұлттық спорт түрлері
" А " тобы	1.	Жағажай волейболы (сурдо)	Бокс	Мәнерлеп сырғанау	Жеңіл атлетика (көз сырқаты)	Аударыспақ
	2.	Каратэ-до кекушинкай	Еркін күрес (әйелдер, ерлер)		Жеңіл атлетика (ТҚАЗ)	Жекпе-жек
	3.	Қоян қолтық күресі	Жағажай волейболы		Жүзу (ТҚАЗ)	Қазақ күресі
	4.	Панкратион	Желкенді спорт		Отырып ойнау волейболы	Көкпар
	5.	Ушу санды, таолу	Жеңіл атлетика		Пауэрлифтинг	Теңге алу
	6.	Шахмат (сурдо)	Каратэ-до		Тұрып ойнау волейболы	Тоғызқұмалақ
	7.		Таеквондо		Үстел теннисі	
" В " тобы	1.	Джиу-джитсу	Баскетбол	Хоккей		Бәйге
	2.	Жеңіл атлетика (сурдо)	Грек-рим күресі			Жорға жарыс
	3.	Кекушинкай кан каратэ	Дзюдо			Құнан бәйге
	4.	Пауэрлифтинг	Жүзу			
	5.	Самбо	Оқ ату			
	6.	Үстел теннисі (сурдо)	Стенд ату			
	7.		Футбол			
	1.	Айкидо	Ауыр атлетика	Шорт-трек		Асық ату
	2.	Ашихара-каратэ	Әйелдер футболы			Жамбы ату
	3.	Бодибилдинг	Бадминтон			Ат жарыс
	4.	Бильярд	Байдаркада және каноэда есу			Қыз қуу
	5.	Би спорты	Баскетбол 3x3			
	6.	Воркаут	Волейбол (классикалық)			
	7.	Дойбы, шахмат	Көркем гимнастика			
	8.	Жағажай күресі	Регби - 7			

"С" тобы	9.	Жағажай футболы	Садақ ату			
	10	Каратэ кекушинкай РҚБ БҚКҚҰ	Спорттық гимнастика			
	11	Кикбоксинг	Тасжолдағы велосипед спорты			
	12	Қол күресі	Теннис			
	13	Муайтай, тайбокс	Үстел теннисі			
	14	Паркур				
	15	Президенттік көпсайыс				
	16	Спорттық акробатика				
	17	Таеквондо ITF				
	18	Шағын футбол				
	19	Шейпинг, аэробика				

Аббревиатураларды ажыратып жазу:

ТҚАЗ – тірек-қимыл аппараты зақымдалған;

РҚБ БҚКҚҰ – республикалық қоғамдық бірлестік бүкіл Қазақстандық кекушинкай каратэ ұйымы;

ITF – International Taekwondo Federation (Халықаралық таеквондо федерациясы);